



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№20
(904)

27 мамыр

2022 жыл

ТҮЙТКІЛ

ҰЯТТАН ҰПАЙ Б Т КҮШТІ

Осыдан аттай 18 жыл бұрын білім жүйесіне енгізілгенде атауы Бірыңғай ұлттық тестілеу деп айтылатын. Содан да ғой кейбір газеттерде 2004 жылы мектеп бітірген түлектерді «БҰТ-тан өткендер» деп жазатыны. Айтпағымыз, атауы Ұлттық бірыңғай тестілеу деп өзгертілген білім мен білгірліктің шкаласы саналатын жүйенің қазіргі ахуалы жайында.

Осы күнде Ұлттық бірыңғай тестілеудің бірінші аптасы өтіп жатыр. Аз ба, көп пе, мәртебелі оқырман өздері саралап алар. Тестілеудің алғашқы аптасында жалпыға ортақ ережені бұзудың 21 дерегі тіркеліпті. Соның нәтижесінде 21 түлектің ҰБТ тапсыру көрсеткіші жойылған. Мұны Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев әлеуметтік желідегі парақшасында тәптіштеп жазды.

Орталық мамандары тест тапсыру кезінде нәтижесі күрт өрлеген түлектерге «ен салып қойып», басқан ізін баққан да отырған. ҰБТ-дан жоғары ұпай жинағандарды тексеруді, бақылауды күшейткен. Мәселен, мына бір талапкердің басындағы кепті айтайық. Оқушы қаңтар айындағы тест тапсыруда 72 ұпай жинаған, білімінің дәреже-деңгейі сол шамада болса керек.

(Жалғасы 2-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ!



ЖАН ЕМЕС, МАҒАН КЕРЕГІ – КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ!

Шымкентте күшті желден стадионның шатыры құлағанда, жанкүйерлер астында қалған көк туды алып шықты.

КТК телеарнасы хабарлағандай, байрақ үшін басын катерге тіккендердің бірі – Нұркен Намаз. Ол өрт сөндіруші, ал жанындағы Әбілқайыр Дәулетов алғашқы әскери дайындықтан сабақ береді. Зілбатпан темірдің астынан туды алып шыққандар өзін батыр санамайды.

Әбілқайыр ДӘУЛЕТОВ, Шымкент қаласының тұрғыны:

«Кез келген Қазақстанның азаматы өле-өлгенше осы көк тудың астында адал қызмет етуі керек. Бұл көк ту дегеніміз – еліміздің тәуелсіздігі. Ол оңай келген жоқ».

АҢДАТПА



Мамытбек
ҚАЛДЫБАЙ:
«АДАМДАРДАН
КӨРГЕН
ЖАҚСЫЛЫҒЫМ КӨП»

3



ҚАРА КЕМПІР

7

ҚАРЫЗ ҚАМЫТЫ

АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ БАР НЕМЕСЕ ОНЛАЙН-НЕСИЕГЕ ҚАШАН ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ?

Қазір қаражаттан қысылған жұрт бұрынғыдай туған-туысты жағалап, қарызға ақша сұрамайтын болды. Бірден банкке келіп несие алады. Ай сайын зейнетақы қорына төлем жасап отырса, кепілсіз қаражат беруге кез келген банк дайын тұр. Тіпті кейбір банктер жеке куәлігіңіз арқылы да несиеңіз рәсімдей береді. Одан бөлек, компьютер мен смартфон арқылы да онлайн несие алып, қаражатты сол арада есепшотына аударып жатқандар бар.



Жасыратыны жоқ, бүгінде несиесі жоқ адам кемде-кем. Бір адамның басында үш-төртеуден бар. Бір жағынан, бұл ыңғайлы болғанымен, «алмақтың да салмағы бар». Онлайн-несие алып, уақытында төлей алмай, зар илеп жүргендер қаншама. Өйткені мұндай несие бір айға ғана рәсімделеді. Төлемі кешіктірілсе, үстіндегі пайызы күннен-күнге тоқтаусыз өсе береді. «Жедел ақша» алдыңыз ба? Жедел қайтаруыңыз керек. Әйтпесе, «батпаққа батқаныңыз батқан»!

Мәселен, Алматының тұрғыны Әлия Сенбаева солай несие алам деп басы бөлеге қалған. Бірнеше ай бұрын онлайн-несие рәсімдейтін ұйымнан қаржы алады. Оны уақытында өтеген соң, тағы алады. Бастапқыда 20 мың теңге алып, 32 мың теңге етіп қайтарады. Мерзімі бір ай ішінде. Одан 30 мың теңге алып, 45 мың теңге қайтарады.

(Жалғасы 6-бетте)

РЕКОРД

ҰЛТТЫҢ ҮНІ – ДОМБЫРА!



Назарбаев интеллектуалдық мектебінің 1032 оқушысы төрт күй орындап шықты. Бұл туралы мектептің Instagram-парақшасында жазылған. 24 мамырда елордадағы физика-математика бағытындағы зияткерлік мектепте домбыра сабағы өтті. Оны Гиннесс рекордтар кітабына «Ең ауқымды домбыра сабағы» онлайн рекорды ретінде енгізу жоспарланып отыр.



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
112,23

DOLLAR
423

EURO
449

РУБЛЬ
6,3



JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

2020 жылдың қараша айында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі республикалық комиссия құрылып, іске кіріскені мәлім. Осы кезге дейін бұл комиссия не істеді, не қойды? «ҚазАқпарат» агенттігі сауалына білім және ғылым министрлігінің берген жауабы төмендегідей:

*****17 өңірде мәслихат депутаттарының, ғалымдардың, өлкетанушылардың қатысуымен консультативтік-кеңесші органдар форматында өңірлік комиссия құрылып, олардың құрамына 265 ғалым алынды.**

*****2021-2022 жылдар аралығында азаматтардан туыстары мен ата-бабасын ақтау бойынша 156 өтініш түскен. Оның 42-сі қанағаттандырылды. 114 өтініш бойынша әлі іздестіру жұмыстары жүріп жатыр.**

*****Қазір саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай республикалық деректер базасы сақталатын арнайы сайт әзірленіп жатыр. Осы сайт негізінде XX ғасырдың 20-50 жылдар арасында қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың барлық санаттарын (бай-қулақтар, орташалар, депортацияланған халықтар, арнайы қоныс аударушылар, дін қызметкерлері) қамтитын жүйелендірілген электрондық деректер базасы ұсынылады. Бұл жұмыс ағымдағы жылдың мамыр айында аяқталады және интернет ресурстарда жалпыға қолжетімді болады.**

Әлеумет.т⁰

ҰБТ: ҰЯТТАН ҰПАЙ КҮШТІ

Ал негізгі тестілеу кезінде 130 балды иеленіп, бәрін шалқасынан түсірген. Бірден 58 ұпайға артып кеткен «оқымыстылығына» күмәнданған орталық бақылауды күшейтіп, бейнекамераны қараған.

Сөйтсе, әлгі бала тест тапсыру барысында бейнекамера қосып, құлағына құлаққап іліп отырған. Орталық директоры осындай келенсіздікке жол берген қызметкер тестілеуді бақылау құқығынан айырылып, қызметінен шеттетілгенін жазды. Енді әлгі түлек те екінші мәрте ҰБТ тапсыру мүмкіндігін пайдалана алмайды. «Жүйені алдауға тырысудың қажеті жоқ. Жауапкершіліктен ешкім құтыла алмайды, тағы да сіздерді академиялық адалдықты сақтауға шақырамын. Ал біз бақылауды одан әрі күшейтеміз» деп сақтандырып қойды Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының директоры Р. Емелбаев.

Емелбаевтың академиялық адалдық деген емеуріні аңғартқандай, жыл сайын тестілеу барысында орын алатын олқылықтар мен кетігі көрінген кемшіліктер бүгінделіп, сыналған сұрақтар да түзетіліп жатыр. Әлі де онынан келтірер шаруа көп. Оған жыл сайын неше түрлі қулық пен сұмдықты ойлап табатын тест тапсырушылардың арасындағы әккілердің әрекетін қосыңыз.

Он жылдың ішінде түрлі толықтыру мен өзгертулерді бастан өткерген ҰБТ былтырдан бастап электрондық жүйеге түбегейлі көшті. 17 жыл қолданыста болып келген қағаз форматты электронды нұсқа алмастырды. Цифрландырудың самал лебін тест тапсырушылар жақсылыққа жориды. Өйткені бұған дейін қағаз жүзінде тапсырғанда, түлектер дұрыс жауапты бойымын деп уақыт ұтқызса, ең өкініштісі, дұрыс боялмағаны үшін кейбір жауапты компьютердің қабылдамай қоюы да тіркеліп, талапкердің талабы кетілетін. Электронды формат осындай олқылықтарды бүтіндеуге серпін берді.

Ал бақылауды күшейтуге жоғарыда сөз еткен әккілердің әрекеті түрткі болды. Мысалы, былтыр бір талапкер бетпердемен бүркеніп отырып қасындағы тапсырушыға ауызша айтып көмектесіп, жоғары ұпай жинауына септескен.

Сол себепті де биыл тест тапсырушының төбесінен бір емес, екі бірдей бақылау камерасы төніп тұрады. Аудиторияға кірерде және тест тапсырар алдында face id бақылауынан өтеді. Тест тапсырушының төбесінен түсіретін екінші камера арқылы түлектің өзі отырғаны, әлде басқа адамның тапсырып жатқаны анықталады. Қысқасы, сканерлеу арқылы тапсырушының өзі ме, өзге ме, соны нақтылап береді. Әйтпесе, бұған дейін тест тапсыруға талапкердің орнына басқа адам кіретін жағдай да болған. Былтыр әйгілі әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың қызы да осындай дауға шатылғаны жұрттың есінде.

Әсте адамнан айла артылған ба? «Ит қорыған жерге өш» болатыны секілді, бақылау да, күзет те күшейтілген сайын ҰБТ тапсыру кезінде тәртіп бұзушылық та көбейетіні шындық. Әйтпесе, тест баланың білім деңгейін анықтап беретін өлшем емес. Тек мемлекеттік білім грантын ұтуына ұпай жинайтын жарыс. Бұған дейін де тестілеуге өзі емес, өзгені қатыстырып, болмаса, жауаптарын сатып алып білім грантын иеленген, соныра деңгейі жетпей оқудан шығып қалатын студенттер қаншама. «Білімдінің күні жарық» екеніне шүбәсіз сенген шәкірт қана қандай сынаққа салсаң да сүрінбейді. Тек әділеттілік орнап, адалдың алдын кесетін әрекеттерді тамырымен жойғанда ғана ҰБТ-ның басынан дау арылады.

Қуаныш РАХМЕТ

*****Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті — 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық, заңды және саяси ақтау. Демек бұл 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия екенін түсіну маңызды.**

*****Бүгінде мемлекеттік комиссия ақтауға жататын азаматтардың 11 санаты бойынша топ-топқа бөлінген. Оған қоса, екі кіші комиссия бар. Бірі саяси қуғын-сүргін құрбандарын заң тұрғысында ақтау мен есімдерін ұлықтау бойынша әдістеме дайындауға жұмылдырылған. Екіншісі саяси қуғын-сүргін жөніндегі жабық архив қорларын жан-жақты зерделеу және оларды кезек-кезеңімен құпиясыздандыру бойынша құрылды. Бұл жұмыс тобының құрамына ҚР Ұлттық ғылыми академиясының академиктерінен, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының ғалымдарынан құралған 69 адам тартылды.**

*****Өткен жылы мемлекеттік комиссияның өкілдері ел аумағында архив материалдарын жинау үшін 30 ғылыми-ізвестіру іссапарына шыққан. Нәтижесінде архив құжаттарының 268 715 кадры жиналды. Олар кейін құжаттар жинағы ретінде көпшілікке қолжетімді болмақ.**

*****2020-2021 жылдары ғалымдар Мәскеу мен Киев архивтерінде үлкен жұмыс атқарды. Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінде КСРО-ның еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихы бойынша, соның ішінде ҚазКСР аумағында орналасқан лагерлер бойынша архив құжаттары анықталып, зерделенді.**

*****Қазір еліміздің және шет мемлекеттердің (Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және т.б.) түрлі мұрағат қоймаларынан келіп түсіп жатқан архив материалдарының мәтіндерін терудің белсенді процесі жүріп жатыр.**

*****Саяси сүргінге ұшырағандардың құжаттары ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Бас прокуратураның, Ішкі істер министрлігінің арнайы архивтерінде құпия режимде сақталып келген еді. Мемлекеттік комиссия жұмысының аясында сол құжаттарды құпиясыздандыру процесі басталды. Бүгінде құпия құжаттардың сақталу мерзімінің аяқталуына байланысты құпиясыздандыру жұмыстары жүргізілуде. Соның нәтижесінде ҚР Бас прокуратурасы 2 миллионнан астам құжат, ПМ арнайы архивтерінде 2 190, ҰҚК арнайы архивтерінде 333 архив ісі және 1937-1938 жылдардағы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 7 нормативтік-құқықтық актісі құпиясыздандырылды. Қазіргі уақытта өңірлік комиссиялардың мүшелері ҚР Бас прокуратурасы, ҰҚК, ПМ, Қорғаныс министрліктерінің жабық архив қорларымен әлі де жұмыс істеп жатыр.**



Әлібек ҚУАНТЫРОВ, ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ:

«Қазір біздегі майнерлер өте төмен салық төлеп жатыр. Енді сараланған салық энергия құнына байланысты болады. Қымбат энергия сатып алса, төмен салық төлейді. Ал арзан энергия алса, жоғары салық төлейді. Мысалы, олар ГРЭС жанында фермасын орналастырса да айырмашылық болмайды. Майнерлер көлгенге дейін Қазақстанда электр энергиясы дефицит болған еді. Олар көлгеннен кейін тапшылық пайда болды. Қазір майнерлер 1 кВт сағат энергияға аз дегенде 1 теңге, көп дегенде 10 теңге төлейді. Қазіргі қабылданып жатқан шаралар энергобалансты қалпына келтіруге септігін тигізеді».

Құдайберген ЕРЖАН, Мәжіліс депутаты:

«Сіз майнингтен өте төмен салық түседі деп айтыңыз. Майнерлер мүлде салық төлемейді. Өйткені онсыз да тапшы энергиямызды алып, өз пайдасына жаратып жатыр. Мысалы, оңтүстік өңірлерде шаруалар дақылын аман сақтау үшін электросорғылармен су шығарады. Соған кезінде электр энергиясы табылмай, түннің бір жарымында тұрып жұмыс істейтін. Сіздер майнерлердің жұмысын тағы да заңдастырып, мүмкіндік бермексіздер. Бұл мәселеде Қазақстанның энергия жүйелерінің операторынан қай жерде энергия артық екені жөнінде анықтама алуымыз керек. Ал енді сізге энергетик ретінде бізде артық электр энергиясы жоқ екенін айтайын. Мүлде жоқ. Электр энергиясын көмір жағу тәрізді өте лас әдістермен тауып отырымыз. Ол біздің табиғатқа зиян. Бұл мәселеге көңіл бөліп, майнерлерді орналастыратын жерді алдымен зерттеу керек».

Инфографика

МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ (2022 ЖЫЛ)



БАКАЛАВРИАТ
73 061

МАГИСТРАТУРА
13 263

ДОКТОРАНТУРА
1890

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ
170 000

Дереккөзі: Білім және ғылым министрлігі

Аптаның айтары

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Білім және ғылым министрі:

«Сыныпта 25-30 бала болса, соның жартысы түлектер кешін мейрамханада өткізгісі келеді. Жартысы бұған келісімін бермейді. Мектеп қаттарына кіріп қалсаңыз, онда жағдай қиын болып жатыр. Кей оқушыда мұндай кешке қатысуға мүмкіндік жоқ. Ал мүмкіндігі жоқ екенін айтқан баланы «Ақшасы жоқ, бейшара» деп кемсітеді. Біз мұндай сөздерді көтере аламыз. Бірақ 16 жастағы балаға ол ауыр тиеді. Ол кешке барғысы келетінін ата-анасына айтады. Ата-ана баласының көңілін ойлап, қарыз бен несиеге батады. Лимузин мен керемет мейрамхана жалдауға мәжбүр болады. Әртістер шақырады. Бірақ мұның не керегі бар?».



Біздің сұхбат

(Соңы, басы өткен санда)

терінің өтеуіне соғыс жылдарында тамақтан да, басқадан да тарылмағандарын айтты. Әлгіден «Ел арасында Мұхтар Омарханұлының сарандығы туралы да айтылып қалады» деп сыр тартып едім, бірден шан жуытпай безектей кетті. «Ел не демейді, мен ол кісінің мәдениеті жоғары, интеллектуалдық деңгейі зор, қолы ашық, жаны жомарт адам ретінде сипаттаймын. Уақытыңыз болғанда келіңіз, айтатын естеліктерім көп» деп үйінің адресін берді. Қайдан, әне-міне деп мойнымыз жар бермей жүріп, мекенжайы жазылған қағазды жоғалтып та алдым.

«Орбита» ықшамауданында 5-кабатта тұрдым. Бір жолы төменге түсіп келе жатсам, жоғарыға қарай өрлеп бір егде тартқан ұлты орыс кісі көтеріліп келеді екен. Еңкіш тартқан. Өзі арық, өңі жүдеу. Алқынып қалыпты, еңтігін әзер басып тұр. Сөздің сорабы солай ғой өзі, қайда, қандай қызмет еткенін сұрадым. «Жамбыл Жабаевтың көлік жүргізушісі болдым» деді. «Ол кісі қандай адам еді?» — «Сен сұрама мен айтпайын, өте балажанды, сөзге шебер, тауып айтқанда да қауып түсетін, кездескен адаммен бірден шұрқыраса кетпейді, алдымен ой-өренді сынап бақылап алады. Сынынан өткендермен шешіліп, көсіліп сөйлеседі, ал сүрінгендермен аса көп ашылып өңгіме

дейін екен, түсірттім де ақшасын төледім.. Абыр-сабырды көріп көршілер де келіп, әркім өзіне қажетін алып кете басталы. Тиын-тебен ұсынып еді, алмадым. Шағын ауылда сөз жата ма, менің қорамда қалған цемент туралы да айтылса керек, ақылшылар келіп бір жылға жарамайтынын, олан да үлкен үй салатын болсам, соның іргетасын құйып қою қажетін айтты да, білек түріп соған кірістім. 10х8 метр көлемінде іргетасын құймақ болған жігіттер жаңылысып, 10х12 метрге ұлғайтып жіберіпті. Қызық болғанда, көп қаржы, көп күш жұмсауға тура келді.

Жас qazaq: Әйтеуір үй салуға үйрендіңіз ғой?
Мамытбек Қалдыбай: Амал жоқ, үйрендім. Бірде бізден үш шақырымдай қашық тұратын



Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:

«АДАМДАРДАН КӨРГЕН ЖАҚСЫЛЫҒЫМ КӨП»

айтпайтын еді. Жәкем туралы да қызықты естеліктерім көп, тыңдаймын десең үйге кел бірі күні» деп ол кісі де мекенжайы мен телефон нөмірін жазып берген. Мечников деген көшеде тұрады екен, араға алты ай салып іздеп барсам, қайтыс болыпты. Көп оқиға, тамаша естеліктер ішінде кетті.

Баукене ғашық болған Вера Павловна деген кісімен телефонда сөйлестім, Мәскеуге жол түссе, есігі ашық, қонақ болуға шақырды. Мәскеуге баруын бардым-ау, 9 күнім мұрағатта өтті, Әскери мұрағаттан бір ғана құжатты табу үшін осынша күнімді сарп еттім. Вера Павловнаның үйіне баруға әскери мұрағат

жиеніміз келді, әйелі екеуі бір атқа мінгесіп жүр. Іңір қаранғысы орнап, көз байлана бастаған мезгіл, суыт жүрісінен секем алып қалдық. Сөйтсек, бізге қарама-қарсы көршіміз үйін 200 сомға сатамын депті.

— Күндіз неге келмедіңдер?
— Алымсақтар көбейіп, үй қымбаттап кетер деген қауіппен кештетіп жүрміз.

Көршінің үйіне бардық. Ол: «Кавказға көшемін. Үйімді арзан, 200 сомға сатамын. Шарт бойынша 100 сомын қазір беру керек», — деді. Жиенім маған бұйымтай айтты. Айлық қолға тиген кез тап келіп, жоқ деуге арым жібермеді. Жиенім 100 сомды маған, 100 сомды

үйдің иесіне әкеліп беруге уәделесті. Арада апта өтті. Көршім келді. «Бауырыңнан хабар жоқ, үйді ала ма, алмай ма?» деді. Жиеніміз расында да, ұшты-күйлі жоғалды. Араға адам салып сәлем айтамыз, жауап жоқ. Бір күні өзім іздеп бардым, соқыр ішек болып төсекте жатыр. Қысқасы, үйлі алмайтын болыпты. Ұятты жағдайда мен қалдым. Ақыры қожайын үйін маған аманаттап, қаншаға сатсаң да өзін біл, берешек 100 сомды поштамен маған салып жібер деді де көшіп кетті. Ол үйді ешкім алмады, өзі жұпынылау, тауық күрке ұқсас еді. Жолдасыммен

ақылдасып, өзіміз тұрған үйді ауласындағы жана құйылған іргетасымен, артылған цементімен қосып, 1200 сомға сатып, 200 сомдық үйге көшіп шықтық та, тағы үлкен шаңыраққа арнап іргетас құйып, үй салдым. Екі жігіт ала жаздай кірпішін құйды, Күн суытқанға дейін бір бітіруді көздеп, лайын дайындап бердім. Қыс түскенде екі ауыз бөлмесін жөндеп, кіріп алдық. «Ағайын бар болса рәс алмайды, жөк болса бере алмайды» деген рас екен. Жана үйге жақсы батамен, ақ тілекпен аяқ басуға ниеттеніп, атап мал сойып ағайындарымызды шақырғанбыз. Сонында ұрыс, төбелес орнап, үйімнің есігін сындырып кетті. Кейін қалаға көшетін болып, үйімді 4500 сомға сатуға келіскен жерден «камкоршы» ағайындарым араға түсіп, «жанашырлықпен» алушыны айнытып жіберді де, амалсыз 2600 сомға сатып Алматыға тарттық. Сол ақшамызға қазіргі Горький паркінің қасынан ескі құжыраны сатып алдық. Онда да досым Мүсілім Дайырбеков үлкен қолдау көрсетті. Тіпті өз қаражатына үй салуға үлкен жүк көлігін лық толтырып, кірпіш те түсіріп, үй салып ал деді. Ол құрылыс материалдарымен де көмектесті.

Ағайыннан әлгіңдей «сый» көрсем, бейтаныс жандардың қамқорлығын, жанашырлығын аз сезінгем жоқ. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Құлымбетов деген кісі бөлім меңгерушісі болып істеді. Редакцияларға жазғандарымды жолдап, жарияланғанына азды-көпті қаламақы тиеді, әйтеуір жыртқықа жамау, тесікке тығын болмаса да, азын-аулақ тиын-тебен артық етуші ме еді. Бір күні редакцияда кино түсіруге келіп, мәтін жазатын адамның ретін таппай тұрса керек. «Мәтін жазып бересің бе?» деді Құлымбетов. Мен басымды ізеп, қаламды қағазға сүйрекетіп, іске кірістім. Айналасы жарты сағатта жұп-жұмыр мәтін жазылды. Құлымбетов оқып

ерекше қуанды. Содан кейін газетке шағын-шағын хабарлар, ықшам мақалалар, ақпаратты жазып жолдап тұруға кенес берді. Бұл кісінің де шарапаты көп тиді. Өзімнің жетім өсіп жетіліп келе жатқанымды естіп білген соң, тіпті жалын тартты. Кейін бұл кісі облыстық радиокомитетінің бастығы болып сайланды. Радиоға да шақырып, эфирден өлендерімді жіберіп, қаламақы төлеп тұрды. Өзінің перзенті жоқ, балаға зар болып өткен кісі екен. Содан да шығар, маған жаны ашып, жақын тартқандығы.

Мүсілім Дайырбеков мені Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқытын филология ғылымдарының докторы, профессор Әзиза Нұрмаханова деген кісімен таныстырды. Біздің елге келгенге дейін Өзбекстанда мәдениет

министрі болған екен. Өте білімдар, көргенді, саликалы, азулы кісі. Сағи Жиенбаев ағамыз бірде сол кісінің үйіне қонаққа ертіп барды. Сәйді Талжанов деген кісі төрде отырды «Халық жауы» болып ұсталып, қуғын көрген, өте өткір, өңі сусты, алуынды кісі екен. Түрмедегі өмірін, «жанашыр» достарының арқасында докторлық диссертациясын бір емес екі рет қорғағанын айтты. Қайтарда Әзиза апай мені алып қалып, күйеуі үшеуіміз тағы да шай іштік. Өмірбаянымды сұрады, бәріне қаныққан соң «газетке қызметке орналастыруға күш салсам, мүмкіндігін келе ме» деді. Мен қуана кеттім.

Ол уақытта жұмысқа тұру үшін тұрақты тіркеу қажет, ол кедергіні де Әзиза апай өзі шешетін болды, үй телефонымен біреуге хабарласып, «өзімнің інім, ақын, өлен жазады, мектепте мұғалім болған, алғыр бала» деп мақтауымды асырып-ақ жатыр. Сөздің аяғы менің редакцияға жұмысқа орналасуыммен аяқталды. «Апай, мен сізді бұрыннан танымаймын, жақыныңыз да емес едім, маған бұлай жақсылық жасауға не түрткі?» деймін ғой көңілім алып-ұшып. «Дәуренінде Төлеген Айбергеновке көмектесе алмай қалып, іштегі өкінішім көп еді, саған сонып титтей де болса, өтеуіндей көрінісін деп көмектесіп отырмын» деді. Ертеңіне «Жетісу» газетінің мәдениет бөлімінің қызметкері болып шыға келдім. Әзиза апайымды Баукен де «батырдың ауылынан шыққан батыр қыз» деп ерекше құрметтеп сыйлады, апайымыз да қазақтың ержүрек ұлына құрметін аяған жоқ, бірін-бірі ерекше қадірлеп өтті.

Жас qazaq: Күллі қазақ құрметін аямаған, Кремль бермеген батыр атағын елі өзінің аузымен айтып, алақанында ұстаған Бауыржан Момышұлының қасында 21 жыл бірге жүрдіңіз. Үйренгеніңіз, үлгі алғаныңыз көп шығар.

Мамытбек Қалдыбай: Мен ол кісімен сұхбаттасуға бармас бұрын қояр сұрақтарымыды қағазға жазып, әзірлеп алатынмын. Кейде бір апта, екі-үш күн дайындықтан өтіп жарау аттай барамын. Ал ол кісі қандай сұрақ қойсаң да, қамшы салдырмайды және бір ауыз артық сөз айтпайды. Сондай шешендігіне, қашанда октаулы мылтықтай әзір жүретініне таңғалатын едім. 21 жылда қаншама сұрақ қойдым, қоры мол еді. Көп адамдар ол кісінің жанына ілескісі келді, өсиетін, естелігін тыңдауға құштарлығы артты. Мені Баукен «көп адамдардан табыла бермейтін сирек кездесетін қарапайымдылығын қуантады, өтірік айтпайтынын да жақындата түседі. Білмейтінінді де, білетінінді де жасырмай айтасын, мен сені құрметтегенді өзгелерді қадірлей алмаймын, саған көрсеткен сыйымнан өзгелер дәмеленбесін, саған сенгендей басқаға сенім артпаймын» деп ықыласын айтып отыратын.

Анам 34 жасында өкпенің қабынуы кеселінен көз жұмды. Он жасымда ауялы анашымнан мәңгіге ажырап қалғанымды айттым ғой. Ауырып жүрді, бір күні өзінің ұзатылғанда артынан келген түскізізін құшақтап жылап отыр екен. «Балам үйленгенде ілемін деп армандаушы едім» деп еңкілдеді. «Апа, сіз ауырманышы» деп құшағымға қысып қыстығып жылаймын. Ол кезде дәрігер көп, әйтпесе анау айтқандай емсіз ауру емес, сырқатынан сақайтып алуға болатын да еді деп өкінемін кейде. Тағдырдың ісі ғой, бірақ.

Жас qazaq: «Халық жауы» деген жаламен атылып кетті делінген Мағжан Жұмабаевты Баукен соғыс уағында көргені туралы айтқан шығар сізге де?

Мамытбек Қалдыбай: Иә, айтқан, Сібірдің сілемдерінде хат таситын пошташының жұмысын атқарады екен. Мағжанның өлендерін жатқа айтағын, ерекше қадірледі, құрметтеді.

Баукеннің Мағжанмен кездескені туралы әсерлі естелігін кезінде Тұрсын Жұртбайға да айтып бергенмін. Мағжанның өленін жатқа оқу былай тұрсын, есім-сойын атаудан үркіп, қашатындардың дәуірлеп тұрған шағында Баукен осылай күркіреп өлен оқытын.

Жас qazaq: Бауыржан Момышұлының қасында әдеби адьютанты есебінде 21 жыл жүрдім деліңіз ғой. Өзіңізге көп қойылған, көп адамның сұраған сауалы да шығар. Батырмен таныстығыңыз қалай басталып еді?

Мамытбек Қалдыбай: Институттың екінші курсын тәмамдайтын шақ жақындаған мамыр айы еді. Оқу ордасының дәлізінде Әбіш Байтанаев деген ұстазымыз қарсы ұшырасты. «Бауыржан Момышұлының кітаптарын оқып па едің?» деп сұрады. Ертен Сыпатаев атындағы мектепте Баукенмен кездесу өтеді, сөз сөйлейсің бе?» деді. Қуана кеттім, алып-ұша көңілі көк тіреген албырт жаспыз. Даңқты адам, батыр, елдің ұлы атанған Баукеннің алдында сөз сөйле деп Әбіш ұстазымыз басқаларға айтамын десе, адам таппай қалып па!

Ертеңіне кездесу уақытынан бұрын Әбіш аға екеуміз барып, алдыңғы қатардан орын алдық. Дәл уақытында кездесу басталды. Адамның қарасы тым көп. Мектеп ұжымы, оқушылар ғана емес, қаланың тұрғындары да келген екен, зал лық толды, қабырғаны жағалай қаздай тізілген адам, терезе ашық, содан басын сұғына қараушылар да көп. Облыстық атқару комитетінен, қаланың басшылығынан да шенділер келді. Мектептің директоры бойшаң келген кісі екен. Кіріспе сөзді айтпаққа мінберге көтерілді. Мақтау сөзді төгілтіп-ақ жатыр, лепірте мақтап келді де «жақында батыр ағамыз «За нами Москва» деген шығарма жазды, қазақшаға аударғанда «Артымызда Москва» деп көсіліп бара жатыр еді, төрде шенділердің ортасында отырған Баукен орнына атып тұрды. «Мен білсем, мына директор сауатсыз! Білмесен біліп жүр, жолдас директор мырза! «За нами Москва» дегенді «Москва үшін шайқас» немесе «Арқамызда Москва» деп аударылады» деді. Директор ұяттан өртене жаздап, кірерге тесік таппағандай төменшіктей берді. Сөзді басқа адам жалнастырып әкетті. Осы оқиғаны арада он бес жылдай өткенде сұрап едім, Баукен: «Директордың айтқаны дұрыс, мені онын ғана емес, бүкіл залдың психологиясына ши жүгіртіп сынап көрген едім, біреуі аударманың дұрыстығын нықтап қарсы уәж айтпады. Осыдан-ақ жаттанды болып кеткен. Негізінде «артымызда» деген қазақтың сөзі айтылады, жазылады» деп кеңкілей күлгені бар.

Жас qazaq: Сіз осы кездесуде сөйледіңіз бе?
Мамытбек Қалдыбай: Сөйледім, тартынып едім, Әбіш ұстазым дігерлеп қоймады. Сөз сөйлеушілердің тізіміне жазып қойыпты. Директорға ақырып берген батырдың сұсты кейпінен қорқып кеттім. Тізем қалтырап, ағайыма мінбеге шыққым келмейтінін айтып едім, қоймады. Ақыры қалтырап мінбеге шықтым-ау. Айтпағым — өзімнің өлеңімді оқу. Буыным босап өленді оқып болып, тез-тез басып орныма кетіп бара жатыр едім ту сыртымынан «Ей!» деген Баукеннің гүрілдеген даусы естілді. Жалт қарадым, «Бері кел!» деп бұйырды. Қасына барып едім «Ертен сағат таңғы 9:00-де «Восход» қонақүйіне кел, 12 бөлме. Бір минут кешіккен, қабылдамаймын!» деді бұйыра сөйлеп. Басымды ізеп, тілі күрмелген адамдай ләм деместен орныма отырдым. Кездесу аяқталып, Әбіш аға екеуміз институтқа бірге қайттық. «Ертен ол кісінің қабилдауына бармаймын, не айтамын, жақын танытын адамым емес деп едім, Әбіш ағам шок түскендей шоршып түсті. «Ел мұндай сауын айтуға зар болып жүр, оқытушың мені неге, залдағы басқаларды неліктен шақырмайды, сенің бармаймын дегенің жарамайды, барасың» деді. Амалсыз бардым, сағат тілі таңғы тоғыз болғанда қонақүйдегі бөлмесінің есігін қактым. Полковник шені тағылған әскери кнммен отыр екен. Дастарханында тұрған майға пісірілген күлшені қаймақ жағып жеп алуымды бұйырды. Бір сағат уақыты бар екен, одан кейін қорғасын зауытының жұмысшыларымен кездесу өткізетін көрінеді. Бір сағат ол кісі сұрақ қойды, мен жауап бердім. «Өкен де, анаң да өмірден өткен екен, ағайынынан да аласын жоқ, қайтып күн көріп жүрсің?» деді сөз арасында. Мен шәкіртақы алатынымды, редакциялар жазғанымға қарай қаламақы ұстататынын, күзгі мақта терімінде белсенділік танытып, киім-кешегімді бүтіндеп алатынымды айттым. Сөйтсем, бұл кісі мені сынап аяушылық танытып сұрағаны сынағаны екен. «Маған көмектессеніз, жақсы болар еді, түгім жоқ, сүйенерім де қалмады» деген мүсәпір күйге түсе ме, түспей ме дегені ғой. Ағайындардан, басқалардан көмек сұрамай өскен мен Баукеннің сұрағына жауап берерде мұндай сөзді айту былай тұрсын, ойламадым да.

Келер жылы Сарыағашқа емделуге барғанда жалай мені іздепті, ауылға кетіп қалғанымды естіп, Мүсілім Қожықов деген мұғалімімізге өз қолымен хат жазып қалдырып кетіпті. «Мамытбек қарарым, сені іздеп едім таппадым, қатты өкінемін» деген жазуы бар хатты кейін «Жетісу» газетінде істеп жүргенімде қасымдағылар қызғаныштан жоғалтып жіберді. Баукене барып хаттағы сөзді қайта жазып беруін өтініп едім, «мен екі сөздің адамы емеспін, бір жазғанымды қайталамаймын» деп қатты ұрсып, боктап, үйінен қуып шықты. ұрысты.

Жас qazaq: Талай жыл жақын жүрдіңіз, сұрай алмаған, жауабын айтқызып алмадым деген сұрағыңыз бар ма еді?

Мамытбек Қалдыбай: «Сталинмен кездестіңіз бе, қабылдауында болдыңыз ба?» деп сұрамаған екем. Маршал, екі мәрте Кеңес Одағының батыры Иван Баграмян о баста бұл кісіге қарсы болған екен, екеуінің арасын қара мысық неліктен өткенін білмегеніме өкінемін. Әскери академияда оқып жүргенімде барлық пәнді беспен тасырып, үздік атануға сал қалғанда бір оқытушы жанадан ауысып келіп, Момышұлына қасақана 4 деген баға қойған екен. Осының себебін сұраймын деп ойлап жүріп ұмытып кетіпін. Айта берсем, өкініштер, сұрай алмаған осындай жайттар көп еді. Баукеннің қасында жүргенімді көре алмайтын күншілдер де көп болды, марқұм әйелі, жеңгей де үйіне бара бергенімді қаламай, қабағын жиі кіржітетін. Арада айдап салушылар да бар, соларға еріп жеңгей де тіксіне қалатын.

Кеңес Одағының батыры атағы берілмесе де Баукен: «менің атағым — халқым, академиям — полкім» деп отыратын. «Мен Отанымды ұлы болғаны үшін емес, өзімдікі болғандықтан сүйемін» дейтін. Қандай керемет баға, ә!

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

MEGAPOLIS

Елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытуға әйелдердің қосатын үлесі мол. Қандай кәсіпті болмасын, ерлермен қатар алып жүретін незік жандарды Шымшаһардан да табасыз. Кәсіпкерлікпен бұрыннан айналысатындарға да, ісін жаңа бастағандарға да қала әкімдігі тарапынан жәрдем көп. Әлбетте, қаржылай көмекке қоса, жетістікке жетуге ынталандыратын іс-шаралар өткізуді де назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы орайда Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен, «Business Woman KZ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен незік жандарды ынталандыруды, табысты болудың қыр-сырын үйретуді көздейтін форум өтті. Бұл басқосуға негізінен көпбалалы аналар қатысып, қаладағы мықты кәсіпкер әйелдерден ақыл-кеңес тыңдады. Тәжірибелі психолог, арт-терапевтпен бірге жеке тұлғалық даму жайында пікір алмасты.

сатушы жоқ. Ең қиыны сол, кезде басталды. Өнімді шығару оңай, оны сату өте қиын. Үйде отырған 20 шақты әйелді базарға шығардым. Бастыққа барып, ақшасын сатқан соң беретін болып келісемін. Сөзімде тұратынымды жақсы біледі. Жәймендеп Шымкенттің төңірегіндегі ауылдарға сата бастадық. Одан ұлғая-ұлғая Жамбыл, Алматы облыстары, сөйтіп, бүкіл Қазақстанға тарап кетті. Бір «ВАЗ» КамАЗында 45-50 мың тауық болса, соны 10 күнде сататын жағдайға жеттік. Арасында бала туып жатырмын. Үйде екі мезгіл тамақ дайындау керек. Ол кезде суды құдықтан тартып тасимыз. Қазанға от жағып, су ысытып колмен жуатынбыз. Бәріне еңбекпен қол жеткіздік. «Тауық сатудан ұялмайсың ба?» деп айтатындар да болды. Мен неге ұяламын? Адал еңбегім. Сөйтіп осы дәрежеге жеттім. Ең бастысы, ешнәрседен қайтпау керек. Ешкімге алақан жайып, не ұрлап жатқан жоқсың. Бастысы, адал еңбек. Мен көбіне өзімді тәрбиелеймін. Барлық нәрсе өзімізге байланысты», — деп аяқтады сөзін Бакыт Махатқызы.

Шымкенттегі «Богема» дүкендер желісінің басшысы Нұрсұлу Алтеева былай дейді: «Мен өзім де анамын. Екі

Шимай-шатпақ қағаздар толтырасың. Бірақ жокшылықта өмір сүру одан да қиын. Сондықтан мен ешқандай жұмыстан қашпаймын. Алдынызға мақсат қойыңыз да, тек алға жылжыңыз! Үш балам бар. Үй-ішіме де, спортқа да уақыт табамын. «Шымкент марафонына» қатысып, 45 жастағы әйелдер арасында 10 шақырымға жүгіруден бірінші орын алдым. Бір жылдан соң 21 шақырым жүгірдім. Егер адамда ниет болса, алдына мақсат қойса, бәріне де қол жеткізуге болады. Бастысы, сылтау айтудан аулақ болыңыз. Өзіңізге сеніңіз. Жұмыстан қорықпаныз!», — дейді Гүлжамал ханым.

Басқосуда тәжірибелі психолог, арт-терапевт Жәндира Сәрсенова қатысушыларға шеберлік сағатын жүргізіп, психологиялық тест алды.

Психолог отбасында ең бірінші анасының жаны тыныш, дені сау, өз-өзіне сенімді, өз-өзін бағалай білсе, сонда балаларының да дені сау, бақытты, ақылды болып өсетінін айтады. «Мен 9 жылдан бері әйелдерге көмек көрсетемін. Көп жылғы тәжірибемнен түйгенім, әйел өзін-өзі жақсы көріп, бағаласа, өзіне-өзі уақыт тауып, көңіл бөлсе, бәрі дұрыс болады. Әдетте көпбалалы аналар өзіне уақыт беле алмайды. Қорқыныш, қызғаныш, жеккөрушілік, ұялу, кінәлау,

ЕҢБЕКПЕН ШЫНЫҚҚАН ҚАЙСАР ЖАНДАРДЫ ШЫМШАҒАРДАН ТАБАСЫЗ



Жиында сөз алған әрбір кәсіпкер әйелдің қазіргі дәрежесі, бақыты мен байлығына оп-оңай қол жеткізе салмағанына көз жеткізуге болады. Бакыт Балабекова — жеті баланың анасы. Құс шаруашылығын жүргізіп, табысты әйелге айналған кәсіпкер өткен күндеріне саяхат жасады. Бакыт Махатқызы форумға қатысқан аналарға армандардың орындалатынын, ауыздан тек жақсы сөз шығарып, дұрыс ойлау білу маңыздылығын айтты. Өзінің айтуынша, бала кезінде көрші Мухлиса деген досы екеуі көп нәрсені армандапты. Сонда бала Бакыт болашақта Асан деген жігітке күйеуге шығатынын, жеті баласы болатынын, өскенде сатушы болып жұмыс істейтінін айтуда екен. Кұрбысы Мухлиса болса, Үсенге шығатынын, бес баласы болатынын армандайды екен. Құдайдың күдіреті, сол бала тілектің бәрі де қабыл болыпты. Бакыт Асанға, Мухлиса мүлде басқа аудандағы Үсенге тұрмысқа шығып, бірі жеті балалы, бірі бес балалы ана атаныпты.

Ал Бакыт ханымның кәсіпті қалай бастағаны тіптен қызық. «Күйеуім 5 ағайынды. Қайныларым бар. Қызы жоқ үйде ешнәрсеге үлгермейтінмін. Алайда аяғым ауыр деп еш қиналған емеспін. Алла бәрін де ниет пен талпынысқа берді. Енем үш жылдан кейін бізді үйдің үлкені болған соң бөлек шығарды. Кеңес кезінен кейінгі қиын кезеңдерде тауық саттық. Күйеуім «Шымкент-Құс» фабрикасында істейтін. Мен «1 қорап жұмыртқа алып бер, сатамын» дедім. Өзім 45 киломын, қасымда екі балам бар. Базарға барып сатып келдім де, 10 қорапқа тапсырыс алдым. Диспетчерге барып 10 қорап жаздырдым. Күйеуім сонда өнім өткізуші. Өзі алып шығып берсе болады ғой. Қайын атамыз фабрикада директордың орынбасары болғандықтан, мені сата алмай ұятқа қала ма деп жолатпай жүрген. Содан 10 қорапты көлікке артып, базарда сатып, 50 қорапқа тапсырыс алдым. Сыңған жұмыртқаның бәрін саттым. Арасында балапанның маусымы келді. Қазіргідей ас та төк уақыт емес. 3 бөлмелі қоржын тамда 3 мың балапан жібергенбіз. Бірақ амал жоқ, аяққа тұру керек. Кімнен алақан жайып ақша сұрайсың?! Сөйтіп балапанды базарға өткіздік. Оның ақшасына үйді жөндеп, бір теледидар, екі бұқа сатып алдық. Ол бұқаға сарай да жоқ. Күйеуім бір КамАЗ топырақ жібереді де, «Сулап қой!» деп тапсырма береді. Оны кетпенмен суға қарып, ол жұмыстан келгенше жібітіп қоямын. Кешке келгенде қалыпқа салып, кірпіш құйып, сарайдың бәрін сөйтіп екеулеп соқтық. Келер жылы 14 мың балапаннан бастадық. Ақырында тауықтарға көштік. Оны сатайық десек,

егіздің анасымын. Біріншісі екі қыз, сосын бір ұл, бір қыз. 21 жасымда бір үйдің кенже баласына тұрмысқа шықтым. 27 жыл енемнің қолында тұрып, келіндік қызметімді атқардым. Биыл біздің отау құрғанымызға 30 жыл. Үш келін бір шаңырақтың астында тұрған кездер болды. Ата-ененің тәлім-тәрбиесін бойыма сіңірдім. Қазір 52 жасқа келсем де, өмірден үйренерім көп екенін, көп нәрсеге қол жеткізсем де, білгенімнен білмегенім жетіп артылатынын ұғынамын», — деп бастады әңгімесін кәсіпкер ана.

Алғаш келін атанған тұста «ЦУМ» сауда үйінде бөлім меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарған Нұрсұлу жеке кәсіпке кетуді ұйғарады. Шымкент қаласында бірде-бір жекеменшік дүкен болмаған кезде Түркістан көшесінің бойынан дүкен ашып, киім-кешек сата



бастайды. 1990 жылдардағы елең-алаң шақта қаржы жетіспеушілігінен киім саудасы онша жүре қоймапты. Содан текстильмен айналысады. Үй дизайнына қатысты барлық керек-жаракты сата бастайды. Бүгінде «Богеманың» тұтынушылары көп. Сатып алушылар тарапынан «Өте әдемі дүкен, қызмет көрсету сапасы да тамаша!» деп сүйсініп айтылып жататын пікірлерді көп естіміз. Ломбардтың негізін қалаушы Гүлжамал Қаламбаева 48 жаста. Ол кәсіп бастағанда артық-ауыс қаржысы болмағанын айтады. «Қолымдағы қор аз болды. Иә, кәсіп жүргізу оңай емес. Салық төлейсін.

өкпе-реніш сияқты сезімдер энергияны алып қояды. Егер бұл сезімдермен күресе алса, адамның энергиясы көп болады да, ол өзінің бойындағы энергиясын дұрыс бағытқа жұмсап, таңғажайып дүниелер жасай алады. Егер энергияны дұрыс жұмсай білмесе, жамандыққа бақытталуы мүмкін. Адам жүрек тыныштығына келуі үшін жұмыс істеймін. Сонда ғана энергия сақталады. Адамдардың ойлау жүйесіне оң өзгеріс енгізгім келеді. Әйелдерде айналасымен нашар қарым-қатынас болса, ол біріншіден, өз-өзіне дұрыс қарамайды, өз-өзін құрметтемейді деген сөз», — делі арт-терапевт жиналған көпбалалы аналарға қарата.

Ең бастысы, әйел өз-өзіне сенуі керек. «Business Woman KZ» қоғамдық бірлестігінің Шымкент қалалық филиалының жетекшісі Гүлмира Рахматуллақызы аналарға арналған форумның негізгі айтар ойын осылай қорытындылады. «Менің бизнесім — қоғамдық бірлестік. Мен өмір бойы адамдар үшін жұмыс істегенді армандалым. Менің өмірге келудегі миссиям да осы сияқты. Адамдар қалағанын алса, барлығында бәрі жақсы болса деген ниетім бар. Иә, әйелдерге қолдау көрсетіліп жатыр. Дегенмен оларға тегін психологиялық, мотивациялық жүздесулер, жеке тұлғалық дамытуға оқытатын тренингтер, нетворкингтер, шеберлік сағаттары көп өткізілгені дұрыс. Әрбір әйел өзін сенімді сезінсе, табысты болса деп тілеймін. Өйткені әлемді әйел ұстап тұр», — дейді бірлестік жетекшісі.

Халық ақыны Әселхан Қалыбекованың: «Қазақтың Шымкентте бестен бірі, Ешқашан шығармаңдар естен мұны. Әрқашан бізге қарап өлшенеді, Қазақтың қаншалықты өскендігі» деп ұлысына ұйтқы болған аймақтың рухының биіктігін, берекесін танытқан өлең жолдары естеріңізде шығар. Құдай көптік етпесін, Шымшаһарда көпбалалы аналар баршылық. Міне, сол өз балапандарының жарқын болашағын армандайтын аналарды қолдау, дамыту, тегін шеберлік сағаты, нетворкинг өткізу күнгейлік аналарға қажет-ақ. Аталған форумда сөз сөйлеген спикерлердің бәрі де бір-бір үйдің анасы. Кәсіпкер әйелдердің өмірден, кәсіптен түйгені көп. Шымкенттік көпбалалы аналар сол бай тәжірибеден тәлім алды. Өмірден өз орнын табуға ерік-жігер тауып қайтты. Ұйқыда жүргендерінің көзі шырадай жанды. Ақшасы болғанмен, неден бастарын білмей жүргендері нақты бағытын айқындап алды. Әлеуметтің әлеуетін арттыруға септігін тигізген тамаша басқосудан бәріміз де серпіліп қайттық.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде болып, Stevia өсімдігінен табиғи тәттілендіргіш өндіру ғылыми жобасымен танысты.

Бұл жоба бойынша жоғары оқу орнының жылыжай кешенінде қант диабетіне қарсы дәрі-дәрмек алынатын стевия өсімдігін өсірілуде. Жас ғалымдар оны болашақта өндіріске енгізуді де көздеп отыр. Ғылыми жобаның жетекшісі — PhD докторы, Әбдіғани Әзімов.

ҚАНТТЫҢ ОРНЫНА – БАЛ ШӨБІ



«Бал шөбі» деген атқа ие болған стевия өсімдігінің жапырағынан өндірілген табиғи өнім үйреншікті шекерден 15 есе тәтті. Қантты алмастырумен бірге оны фармацевтикалық салада қолдануға болады. Одан алынатын дәрі-дәрмек өнімдерінің қарапайым азаматтар үшін қолжетімді болуына сеп болмақ.

«Қазір әлемнің алдыңғы қатарлы елдері осы өсімдікті өсіруге көңіл бөліп отыр. Себебі стевиядан алынатын биологиялық қоспа қант диабетін емдейтін, ас қорыту жүйесінің жұмысын реттейтін және жүйке жүйесіне оң әсерін тигізетін қасиетке ие. Біз осы дәрілік өсімдікті өз елімізде өсіріп, өндіріске енгізуді көздеп отырмыз», — дейді жобаға жетекшісі Ә.Әзімов.

Ыстыққа төзімді, ашымайтын өнімдердің дәмін қанық ететін табиғи тәттінің бағасы қанттан арзан. Одан бөлек, 5 кг стевиязид 1 тонна қанттан тәттісін береді.

Стевия жылу сүйгіш өсімдік болғандықтан, еліміздің климатына төзімсіз әрі өнуге бейімсіз келеді. Осыған байланысты жоба авторлары оны М.Әуезов атындағы ОҚУ жылыжайында көбейтуді қолға алуда. Заманауи құралдармен жабдықталған кешеннің топырағы өңделіп, қосымша минералды тыңайтқыштармен байытылған.

Стевия өсімдігінен өндірілетін қант еліміздің ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, тағамтану және экономика саласына оң серпін береді. Алдағы уақытты бұл өсімдікті өсіру қаладағы жылыжай кешендерінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов қала іргесіндегі балық шаруашылығымен айналысып отырған «Алина» серіктестігінің жұмысымен танысты. Ол жердегі 70 бассейнде қазір 500 мың қлари жайынының шабақтары өсірілуде.

БҰЛ ҚАЛАДА БӘРІ БАР

Серіктестікте әуелі арнайы балық өсіретін инкубациялық цехтың көмегімен шабақтар жетіледі. Мамырдың соңында 2,5 гектар аумақта орналасқан жасанды көлге ауыстырылып, қазан айында саудаға шығарылады. Балық ішкі нарық пен көрші елдерге саудаланады.



Балық шаруашылығын аралап көрген қала әкімі ішкі нарықта қолжетімділікті арттыру үшін шаруаларға мемлекеттік қолдау көрсету бағытындағы жұмысты жандандыруды тапсырды.

Одан соң шаһар басшысы Сайрам шағынауданында орналасқан бірнеше ауыл шаруашылығы нысанында болып, шаруалардың жұмысымен танысты.

Алдымен «IGM Corporation» ЖШС жылыжай кешенінде болды. Аумағы 4 га жерге орналасқан кешен жылына 1 200 тонна көкөніс өндіруге қауқарлы.

Жылыжайға ақпан айында 102 мың түп қияр егілген. Қазір мұнда 40 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Өнімдер ішкі нарық пен ТМД елдеріне саудалануда.

Қала әкімі шаруа қожалықтарды аралау барысында «AGR GLOBAL TRADE» ЖШС сүт фермасының құрылысымен де танысты.

Жобаның жалпы құны — 1,1 млрд теңге. Қаржыландыру жеке инвестиция және асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылған.

Қазір нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Фермада жылына 2 350 тонна сүт және сүт өнімдерін өндіру жоспарланған. Өнімдер қала тұрғындарына сүт өнімдерін қолжетімді ету үшін ішкі нарыққа саудаланбақ.

Бетті дайындаған Мөлдiр КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Жастар саясаты

Алып шаһар Алматы – жалынды жастардың мекені. Мұндағы әрбір жас өз арманы мен мұратына қадам басып, алға қойған мақсатына жете алады. Мемлекет те жастарға қолдау көрсетіп, олардың тұлға ретінде дамуына жағдай жасап отыр. Соның бір көрінісі – Алматыдағы жастар ресурстық орталықтары.

Қаланың сегіз ауданында жұмысын жүргізіп отырған осындай орталықта жастар өз идеяларын іске асырып, қатарластарымен бірге қаланың дамуына үлес қоса алады. Біз Алматының Алатау ауданында орналасқан Жастар ресурстық орталығына бас сұғып, оның жұмысымен танысып қайтық.

Біз келгенде Алатау ауданының жастары жиналып, алдағы уақытта атқаратын іс-шараның жоспарын талқылап жатыр екен. Алатау ауданы жастар ресурстық орталығының

айтып берді. Оның айтуынша, жастар орталығына келетін жастардың саны күн сайын көбейіп, қоғамның бір бөлшегі болғысы келетіндердің қатары күннен-күнге артып келеді екен.



алдағы уақытта өтетін қалалық турнирде бақ сынайды. Бүгінде бізде өз кәсібін дөңгелетіп әрі қарай дамытқысы келетін жастар да көп. «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы бар. Сондай-ақ «Бизнес бастау» жобасы бар, осылар

дейді. Ол: «Біз аудан жастарының өтініші бойынша оларға қажет-ау деген тақырыптарға семинар тренингтер жүргіземіз. Жастардың басын біріктіріп, сол саланың мықты маманын әкеліп кездесу ұйымдастырамыз. Біз биыл көктем келе сала аудан тұрғындарына қуанышты көңіл-күй сыйлау мақсатында «Көктем фест» мерекелік шарасын ұйымдастырдық. Мерекелік шарада ауданымыздың өнерпаз жастары өз өнерлерін ұсынып, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалармен де ерекшеленді. Айта кететін тағы бір жәйт, ауданның белсенді жастарынан осыдан үш ай бұрын Жастар кеңесі құрылды. Кеңестің басты мақсаты – аудан жастарын мазалайтын мәселелерге жіті назар аударып, олардың шешілуіне барынша көмек көрсету. Алатау ауданы жастарының ең басты мәселелерінің бірі – жұмыссыздық. Біз осы бағытта аудан жастарын жинап, тіпті базарда жұмыс істеп жүрген жастармен де кездесіп, олардың әлеуметтік, материалдық жағдайы, тұрақты жұмысқа орналасуы сияқты түйткілді мәселелерді бірге шешу үшін белсенді түрде жұмыс жүргізіп жатырмыз. Ең бастысы, қазіргі жастар креативтік шешімдерді қалайды. Өздерін барынша дамытқысы келеді. Білімді болуға ұмтылады», – деді.

Бүгінде мемлекет тарапынан жастарға қолдау бар. Орталық жетекшісі Алматы жастарының тұрғын – үй мәселесін шешуге бағытталған «Алматы жастары бағдарламасы сынды жобалар көбірек жүзеге асса деген ойын да жеткізді. «Биыл «Алматы жастары» бағдарламасы үшінші рет жүзеге асырылайын деп жатыр. Біздің ауданнан бағдарламаға қатысып, үйлі болғандар бар. Биыл да өз бағын сынап көргісі келетіндердің қатары көп. Өткен айда бағдарлама бастала салысымен, біздің орталыққа келіп, кеңес алған жастардың қатары көп болды. Біз бағдарлама туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп, тіпті өтініш толтыруына дейін көмектестік», – дейді ол. Орталық жетекшісі мемлекет тарапынан жастардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған бағдарламалар ірі қалалар емес, еліміздің барлық аймағындағы жастарға керек екенін жеткізді. Жастарды мазалайтын басты мәселе – тұрғын үй мен жұмысқа орналасу. Ең алдымен осы екеуін басты назарда ұстау керек. Орталыққа келіп, өз ойларын ортаға салып, алдағы атқаратын іс-шараға белсене араласып

жетекшісі Қадырбек Файзуллаев жастар орталығының жоспарымен таныстырып, осы күнге дейін атқарылған жұмыстары жайлы әңгімелеп берді.

Ол: «Жастар ресурстық орталығы 2001 жылы Алматы қаласы жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры аясында құрылды. Қор екі бағытта жұмыс істейді. Біріншісі – жастар демалыс орталықтары, екіншісі – жастар ресурстық орталықтары. Бүгінде қаламыздың сегіз ауданында жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Біздің коворкинг орталыққа келген әрбір жас өзін толғандырған кез келген мәселе бойынша өтінішін жеткізеді. Ең басты мақсатымыз – жастардың бос уақытын тиімді өткізу, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік-құқықтық, тіпті психологиялық кеңес алуына дейін мүмкіндік беру. Сондай-ақ болашақта өзінің идеясын жүзеге асырып, бизнес ашамын деген жастарға да қолдау көрсетіледі», – дейді.

Орталықтың басты мақсаты – жастарға жан-жақты қолдау көрсету. Атап айтқанда, жас буынның жұмысқа орналасуына бағыт-бағдар беру. Қаладағы жұмыспен қамту орталықтарымен тікелей байланысып, бос жұмыс орындарын жастарға ұсыну, жас отбасыларға психологиялық қолдау көрсету. Сонымен қатар жастардың сұранысқа қажетті мамандықты игеруіне кеңес беру.

Жыл басынан бері бұл орталық түрлі іс-шаралар өткізіпті. Соның бірі – 140 мектептің оқушыларын қамтыған мамандық таңдау және болашақ кәсібіне бағыт беру жобасы. Бұл жобаға 2600-ден аса жас буын қатысып, өздерін қызықтырған мамандық бойынша ақыл-кеңесін алды. Жастар ресурстық орталығы өткізген ауқымды жобаның бірі – «STOP жемқорлық». Бұл бағыт бойынша 10 мыңнан астам жасқа түсіндіру әрі ақпараттандыру жұмысы жүргізіліпті.

Орталық өткізген ауқымды жобалар жайлы Қадырбек Файзуллаев толығырақ

Қадырбек ФАЙЗУЛЛАЕВ, Алатау ауданы жастар ресурстық орталығының жетекшісі:

«Орталықтың басты мақсаты – бізге келген әрбір жасқа көмек қолын созу. Олардың жұмысқа орналасуын қадағалау. Ақыл-кеңес беру. Біз бос жұмыс орнын ұсыну мақсатында жастар көп шоғырланатын орындарға барып, мобильді жұмыспен қамту бекеттерін

аштық. Жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындары жайында ақпарат бердік. Одан бөлек, мемлекеттік «Дипломмен ауылға», «Серпін» сынды бағдарламалармен таныстырдық. Бүгінде «алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы туралы түсіндіру жұмысы жүргізіліп, қала бойынша басқа да кәсіпорындардан келіп түскен бос жұмыс орындарын жастарға ұсындық. Біздегі негізгі қызмет – жастарды қоғамға етене араластыру. Олардың өз орнын тауып, тұрақты жұмыспен қамтылып, болашаққа қарай қадам басуына септігін тигізу».

Орталықта бос жұмыс орындарынан бөлек, консультациялық қолдау көрсетіледі. Әсіресе, өзінің жеке кәсібін ашқысы келетін жастарға қолдау көп. Тек өзінің кәсібі мен мақсатын айқын әрі нақты көрсетсе, демеушілер арқылы қолдауға болады. Сонымен бірге ауданда спорт шаралары мен нақты бағыт бойынша жобалар жүзеге асырылады. Жұырда осы орталықта қала жастарының бос уақытын тиімді өткізуге арналған тимбилдинг ұйымдастырылыпты. Алатау ауданының жастары аудан әкімдігінің қолдауымен минифутболдан өткен турнирге де белсене қатысыпты. Осы орайда Қадырбек Файзуллаев: «Әкімдік турниріне жастардан құрылған 24 команда қатысты. Спорт қырысына қатысқысы келген жастардың қатары көбейгеніне тәнті болдық. Жеңімпаз команда

бойынша нақты кеңес беріп, кәсіпкер жастарды толғандырған сауалдарына жауап береміз», – деді.

Жастар ресурстық орталығының жастарға арналған бағдарламалары мұнымен тоқтап шектелмейді. Біз орталықта осы күнге дейін жүзеге асқан бірнеше жобалармен таныстық. Әр жобаның өзіне тән ерекшеліктері мен қызметі бар. Айталық, орталықтың белсенді жастары қайырымдылық бағытында көптеген жобаларды



іске асырыпты. Мәселен, Jastar Skills, Sarbaz Race, Pyh Marafon, Bookcrossing сынды жобалардың өз ерекшеліктері бар.

Қадырбек Файзуллаев бұл жобалар жастар ресурстық орталығында атқарылатын негізгі бағдарлама екенін тілге тиек етті. Орталық жетекшісі әр бағыттың өзіндік маңызы бар

отырғандардың арасында Алатау ауданындағы мектептердің жоғары сынып оқушылары болғаны да қуантты. Олар қоғамға, туған елінің дамуына өз үлесін қосқысы келеді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА, Алматы

Жоба

Заманауи талаптарға сай озық білім беру мектеп қабырғасында саналы ұрпақ тәрбиелеумен тікелей байланысты. Отандық педагогтар мен ғалымдар бұл мәселеде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Алматы қаласы

білім басқармасының бастамасы негізінде Педагогикалық Ғылымдар Академиясы дайындаған «Мектептерде саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан іске асыру жолдары» жобасы бұған айқын дәлелі.

Бір жыл бойы жүргізілген осы жұмысты қорытындылау мақсатымен Алматы қаласындағы Мұқағали Мақатаев атындағы №140 гимназияда «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас: заман талабы және болашақ» атты тақырыппен республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Жобаның ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы Асқарбек Құсайыновтың айтуынша, барлық дамыған елдер бірінші кезекте бала тәрбиесін басты назарда ұстайды. Ғалымның пікірінше, адам тәрбиесі, бала тәрбиесі қазіргі қоғамда аса маңызды мәселе болып тұр. Білім сапасы ерекше дамыған елдерді алып қарасак, олардың жетістігін зерделейтін болсак, сол елде ең алдымен бала тәрбиесіне көңіл аударып отырғанын байқаймыз. Осы орайда А. Құсайынов: «Кім бала тәрбиесіне көп көңіл аударады, сол елдердің білім сапасы жоғары болады. Екінші – ұстаз. Ұстаздық қызметке икемді, жақсы атқаратын адамдар көп болу керек. Біз білім сапасын көтеруді ойластыра келе, қалатқы білім басқармасының бастығы Ләззат Әуесханқызымен ақылдаса келе, Алматыдағы қазақ аралас мектептерінде тәрбие беру жүйесін жүйелі түрде ғылыми-практикалық тұрғыда бір жүйе жасасак деген ой келді. Оның мақсаты – мектепте бастауыш сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейін жүйелі түрде тәрбиелеу. Сол жобаның тұжырымдамасын жасалдық», – дейді.

Конференцияда сөз алған Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева бала тәрбиелеуде әр елдің өз ата-дәстүріне негізделген жобасы болу керек деп есептейді. Белгілі ұстаз: «Бала тәрбиесі қазіргі таңдағы маңызды



мәселелердің бірі. Біз көптеген озық елдердің оқыту жүйесін қабылдап ала аламыз. Тек бір нәрсені ешбір елден үйрене алмаймыз. Ол – құндылық, тәрбие мәселесі. Мағжан Жұмабаев педагогикалық еңбегінде «Тәрбиені тәрбиені сол ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы берелі» деп жазған. Тәрбиені ешбір елден үйрене алмаймыз. Оны тек сол елдің ғалымдары жазу керек, ұстаздары іске асыру керек», – деді.

Тұжырымдама аясында 13 әдістемелік нұсқаулық дайындалды. Онда алты бағыт бар. Бірінші – мектептің мәдени тәрбие ортасын қалыптастыру; Екінші – ұлттық тәрбие; Үшінші – отбасы тәрбиесі; Төртінші – балалардың салауатты өмір салты; Бесінші – ақпараттық коммуникациялар құзыреті. Алтыншы – балаларды келешекте еңбек жолын таңдауға көмектесу. Жана нұсқаулықтар былтыр көп тиражбен шығарылып, қаланың қазақ аралас мектептерде таратылды. Биылғы жылдың басында жұмыс басталды. №140 гимназия тәжірибелік жоба бойынша тірек мектеп болды. Педагог-ғалым аталған жобаның сол бағдарлама негізінде өткізіліп отырғанын

тұрғыда жүзеге асыру механизмдерін дайындап, іске асыру болды. Жоба көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен «Қазіргі мектептерде саналы ұрпақ тәрбиесін жетілдіру» тұжырымдамасы дайындалып, педагогика саласындағы маңызды құжат мақұлданды. Мектептерде нәтижелі жұмыс жүргізу мақсатында, тұжырымдама аясында, мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, ата-аналар мен оқушыларға арналған 13 әдістемелік нұсқаулық дайындалып, барлық қазақ және аралас мектептерге берілді. Оларды кенінен түсіндіру мақсатында видеодәрістер дайындалды. Арнайы эксперименттік мектептер белгіленіп,

жүйелі жұмыстар жүргізіле бастады. Жоба аясында өткізілген конференцияның пленарлық және секция отырыстарында 30-дан аса баяндама жасалып, конференция резолюциясы талқыланды. Конференция жұмысына қатысқан Парламент Мәжілісінің депутаты Ж.Сүлейменова, ардақты ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері А.Миразова, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Д.Біләлов, ҚазҰҚПУ ректоры Г.Қанай, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Абылай хан атындағы ҚазӘТУ белгілі ғалымдары, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, білім беру саласы мекемелері мен ата-аналар қоғамдық бірлестіктерінің басшылары өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Алқалы жиынға қатысушылар осы бағыттағы жұмысты жалғастыру мақсатымен бірнеше баптан тұратын қарар қабылдады.



Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ, Алматы қаласы

SERPIN

Қарыз қамыты

(Басы 1-бетте)

Үшінші рет барғанда Әлияға қаржы ұйымы 120 мың теңге шығарады. Бір айда қайтаратын сомасы — 180 мың теңге.

«Осылай ай сайын жылдам ақша алып жүріп, олардың «тұрақты клиентіне» айналдым. Тағы бір жолы барғанда 120 мың теңге бергеніне қуанып кетіп, оны құрбыма бердім. Айлығым 150 мың теңге. «Алматы-2» вокзалында санитарлық бөлімде жұмыс істеймін. Бірге жұмыс істейтін құрбыма ақша қажет болып, осы жерге сол ертіп келген

«Ең алдымен несие алғанда, қандай құжатқа қол қойып жатырсыз, соған ұқыпты қарау керек. Келісімшартта екі тараптың да талаптары мен міндеттері көрсетіледі. Көбінесе банк өзіне тиімді шарттарды көрсетеді. Біз болсақ, келісімшарттың пайыз, үстемақы, кепілдік сынды тұстарын оқымай, қол қоя саламыз. Бұл бір жағынан қаржы сауатының болмауынан. Банк менеджері ол шарттарды сізге түсіндіріп бермейді де. Тек қол қою керек тұстарын белгілеп береді. Кейін несиені қайтара алмасаныз, сот орындаушысы банкпен жасасқан келісімшартты негізге ала отырып, банк көрсеткен соманы, тіпті ол бірнеше есе өскен сома болса да, төлеуге үкім

сарсаңға түсеміз. Қазірге дейін осындай шағыммен қаншама тұрғын заңгердің көмегіне жүгінген.

Психолог Тамара Әлібаева: «Несиеге бір байланған адамның, оның құрсауынан шығуы қиын», — дейді. Оның айтуынша, несиеге тәуелділіктің бір себебі — табыстың аздығы.

Ол: «Несие алып, оны мерзімінде өтей алмай кейін күйзеліске түсіп, тіпті суицид жасауға талпынған адамдармен сөйлестім. Көбісі — материалдық жағдайының нашарлығынан амалсыз несие алып, онысын уақытында өтей алмағандар. Пәтер жалдайтын, тұрақты жұмысы жоқ адамның басында 1-2 несие бар. Кейбірі қаржы аса қажет болмаса да несие алып, оны орынсыз

Бәстігу

Соңғы жылдары жүргізілген әлеуметтік зерттеулер психологтар әлдеқашан дәлелдеген тұжырымды тағы да растады. Тәжірибе көрсеткендей, орташа жанкүйер мен спортқа бәс тігушінің бәт-бейнесі бір-біріне ұқсас. Басқаша айтқанда, букмекерлік кеңсенің клиенті — ақша ұтуды ғана ойлайтын құмарпаз емес, спорт жанкүйері.

СПОРТҚА БОЛЖАМ ЖАСАУ – ОҢАЙ ЖОЛМЕН АҚША ТАБУ ЕМЕС

БУКМЕКЕРДЕ БӘС ТІГУШІЛЕР: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПОРТРЕТ

Шынында да, спортқа бәс тігу кімге қызық? Қазақстанда онымен кімдер айналысады?

2021 жылдың соңында Mostbet Partners тобы жүргізген букмекерлер талдауы мынаны айқындады: бүгінгі күні еліміздегі букмекерлік кеңселердің клиенттері тақырыптын байыбына бармай көсілтетін кейбір авторлар айтатындай «патологиялық ойыншылар» емес, спорт жанкүйерлері.

Қазақстанда беттингке құмартушы (яғни *спортқа бәс тігуші*) — 25–35 жастағы ер адам. Оның табысы орташа жалақыдан жоғары, әдетте, қалада тұрады. Ал букмекерлік кеңсе аудиториясының басым бөлігі, жалпы спорттағыдай, негізінен ерлер қауымы екені де рас. Қазақстанда 2021 жылғы әлеуметтік өлшем көрсеткендей, букмекерлік кеңсе аудиториясының небәрі 8 пайызы нәзік жандардың үлесінде. Жас жағынан ауқымы кеңірек — бәс тігумен 20-дан 45 жасқа дейінгілер айналысады. 60 жастағылар да кездесіп қалады. Көпшілігі — ақылы толған, тәуекелге қызық үшін бармайтындар. Сондықтан «ойынпаздық теориясы» туралы езеурейтіндер мықтап қателеседі. Бәс тігушілер — спортқа болжам жасаудан ләззат алатындар.

ӘЛЕУМЕТТІК БЕТ-БЕЙНЕ

Спортқа бәс тігумен көбіне аяғынан тік тұрған, жоғары білімді жандар айналысады. Олардың шағын бизнесі болуы мүмкін, не болмаса, кесесе жұмыс істейді. Табыс деңгейі жағынан орта дәулетті, яғни ұзақ мерзімге ақша салса да қаржы жағынан қиналмайды. Беттингке құмартушылар көбіне айлықтан айлыққа дейін өмір сүретіндер емес. Сондай-ақ олар жалақысының жартысын тұрғын үй жалдауға жұмсамайды.

Біле білсеңіз, бұл — маңызды тұжырым. Адамдар қаржыдан қысылғандықтан, ақша тапқысы келгендіктен спортқа бәс тігуге ұмтылады деген пікірді жоққа шығарады. Әрине, ондайлар да бар. Бірақ оларға беттинг қол емес. Себебі спортқа болжам жасау жеңіл жолмен табыс табуға мүмкіндік бермейді. Шындығында, ақшадан тарыққан жан букмекерлік кеңсеге емес, казиноға немесе лото-клубқа барады. Өйткені ол жерде ілім-білім керек емес. Қандай болжам жасаймын деп ойланып, бас қатырудың қажеті шамалы.

Спортқа бәс тігуге құмартатындар үшін беттинг — ақша табудың тәсілі емес, жай ғана ермек, бәсекені тамашалап отырып, түрлі сезімді бастан кешіру.

СПОРТТЫҢ НАҒЫЗ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ

Спорт — солардың әлемі. Отандық букмекерлер аудиториясында жүргізілген онлайн-сауалнама нәтижесіне үнілейік: бұлар шынымен де спорт десе ішкен асын жерге қояды. Олар ағымдағы турнир кестесін, командалар мен спортшылардың аты-жөнін біледі. Нақты бір чемпионат шеңберінде не болып жатқанын бүге-шігесіне дейін айтып бере алады. Ал күнделікті өмірде олар мүлде басқа жұмыспен айналысуы мүмкін. IT, автокөлік бизнесі, мұнай-газ саласында еңбектеніп немесе фермерлік шаруашылықта мал өсіретін шығар. Бұл адамдардың басын қосатын, біріншіден, белгілі бір мөлшердегі табысы (*әдетте айына 400-500 мың теңгеден кем емес*) және спортқа деген айрықш қызығушылық. Сондықтан беттингпен айналысатындарды нағыз жанкүйер десе де болады.

Айта кетейік, бізде букмекерлік бәс тігуде ең алдыңғы қатарда футбол тұр. Одан кейін хоккей мен баскетбол. Содан кейін киберспорт. 2021 жылы клиенттердің 85 пайызы футболға бәс тіккен. Қалған бөлігінің жартысы хоккейге, үштен бір бөлігі тенниске, қалғандары (*негізінен 25 жасқа дейінгілер*) киберспортты таңдаған екен.

«КЕЛІНШЕГІМ БІЛМЕЙ-АҚ ҚОЙСЫН»: БӘС ТІККЕНІН НЕГЕ ЖАСЫРАДЫ?

Бұдан шығатын қорытынды: еліміздегі букмекерлік кеңсенің белсенді клиенті — кейбір «сарапшылар» жазатындай, тіпті де маргинал емес. Білімі таяз, жалақысы төмен жандарға беттингке жолап керегі жоқ. Кейбіреулер осы салада бағын сынап көргісі келеді. Бірақ шамасы келмейтініне жылдам көз жеткізеді. Спортқа бәс тігу — мүлде басқа деңгей. Мұнда аяқ астынан жолын болып кетпейді. Бәс тігіп отырған спорт туралы ештеңе білмесең, айналып өт!

Беттинг — қалтасы қалың, жаңұясы мен тұрақты жұмысы бар адамдардың ермегі. Олар үшін спортқа болжам жасау — жайдан-жай ұтып алу емес, рахаттану, күнделікті күйкі тіршілікті ұмыту, күйзелістен арылудан басқа ештеңе емес.

Бұл арада біздің беттинг туралы үйреншікті ойымыз шынайы өмірдегі шындықпен сәйкес келмейтінін айту маңызды. Оның қалыптасуына қоғамдағы букмекерлік кеңсе туралы баяғыдан қалыптасқан пікір ықпал етті. Біз «құмарпаз адам» деген тіркесті құлағымыз шалғанда, көз алдымызға өмірде жолы болмаған маскүнемнің бейнесі елестейді. Тапқан-таянғанын картаға немесе рулеткаға ұтқызып жіберетін сүмелек. Бейшараның мұндай бейнесі спортқа болжам жасаушылармен үш қайнаса сорпасы қосылмаса да, психологиялық жағынан букмекерлік кеңсе клиенттеріне әсер етеді. Сондықтан да сауалнама анықтағандай, қазақстандықтардың 70 пайызы спортқа бәс тіккенін жақындарынан жасыруға тырысады.

Көпшілігі (72-75 пайызы) аптасына бір немесе бірнеше рет бәс тігеді. Олардың ішінде 80 пайызы күніне үш рет онлайн түрде бәс тігеді. Барлық бәс тігудің 70 пайыздан астамы LIVE режимінде, яғни матч немесе жекпе-жек кезінде жүзеге асырылады. Мұндайда бәс нәтижесін қолма-қол білуге болады.

2020 жылы коронавирус пандемиясы басталғанда ел ішінде букмекерлік кеңсеге барып бәс тігетіндердің қатары сиреді. Бүгінде беттинг негізінен онлайн форматқа көшті. Сауалнама көрсеткендей, бәс тіккендердің 80 пайызға жуығы арнайы қосымшаны немесе букмекерлік кеңсе сайттарының мобильдік нұсқасын пайдалана отырып, мобильдік құрылғы арқылы жүзеге асырады.

ҚАСАҢ ҚАҒИДАДАН ҚҰТЫЛУ

Сонымен отандық беттингке құмартушылар үшін спортқа бәс тігу нені білдіреді?

Бәс тігушінің орташа портреті көрсеткендей, бұл ермек ақша табудың тәсілі саналмайды. Рахат алу, драйв — басқа ештеңе емес.

Сауалға жауап бергендердің 73 пайызы беттинг оларға ерекше сезім сыйлайтынын айтады.

63 пайызы спорт жанкүйері екенін, бәс тіккеннен кейін ойынды тамашалау тіпті де қызық екенін жеткізді.

55 пайызы спорт жарысына бәс тіккенде болжамы дұрыс келсе, содан ләззат аламыз деп сендіреді.

54 пайызы ұтыс туралы айтқанда, беттинг казино немесе лотореядан жақсы дейді, өйткені мұндағы ұтыс тек өзіңе байланысты.

Сөйтіп сауалнама нәтижесі беттинг кесірінен өмірі құрып, азып-тозған маскүнем туралы «аныздарды» жоққа шығарып отыр.

Сондықтан да бәрімізге, әсіресе, жоғары жақтағыларға қатып қалған қағидадан арылатын кез жеткен жоқ па?

болатын. Бірінші алған қарыздарым құрбымның өтінішімен алынғандықтан, уақытында қайтарып берді. Соңғысын бірге жұмыс істейтін құрбымыздың қуанышына керек болып алған едім. Ол той қалай өтеді, сол күні беремін деп сендірді. Кейін білдім, тойдан ол күткен ақша түспей, қарызымды қайтармады. Ал бір айға деп алған 120 мың теңге екі ай төленбей қалып еді, 220 мың теңгеге дейін өсіп кетті. Жұмыс орныма, таныстарыма күнде қонырау шалып мазаларын алып, соңында сот орындаушысы төлем қартамды бұғаттап тынды. Жұмыстағы құрбыммен де күнде ұрыс. Ақыры соңында туыстардан қарыз алып, құрбым жартысын тауып беріп, ерең өтедім. Содан бері жылдам несие дегенге жоламайтын болдым», — дейді.

Ал Бейсемхан Жұмашева 2014 жылы екінші деңгейлі банктен бес жылға несие алған. Бастапқыда уақытында төлеп отырған. Бірде әлеуметтік желіден банктен алған несиенің комиссиясын қайтарып алғандар туралы ақпарат оқиды. Нақты жолын біліп, заңгердің кеңесіне жүгінеді. Осы мәселе бойынша арнайы маман зерттеу жүргізе келе, банкке комиссия үшін артық ақша төлегенін анықтап, қайтарып алу жолы барын ескертеді. Содан сотқа арыз тастап, он шешімі шыққан. Ал банк Бейсемхан Жұмашеваға тиісті қаражатын қайтарып береді. Мұнымен қоса, банкпен жасалған келісімшарт өзгертіліп, алдағы уақытта комиссия мүлде алынып тасталған. Есесіне, бұрын ай сайын төлеп келген несиенің көлемі әжептәуір азайған.

Алматылық Жанна Орынбаева осында 8 жыл бұрын екінші деңгейлі банктен несиеге ноутбук алады. Ол: «Мен несие алған кезде ноутбуктың бағасы 120 мың теңгеге бағаланды. Банк менеджері «ай сайын 20 мың теңгеден төлеп отырсаңыз, 6 айда ешқандай үстеме пайызсыз өтей аласыз, бізде акция» деп сендірді. Сонымен не керек, 4 ай бойы уақытылы төлеп жүрдім. Бесінші айы келгенде жұмысымнан аяқ асты босап қалып, уақытында төлем жасай алмадым. Екі аптадай кешіктіріп банкке барсам, сіз акция талаптарын бұздыңыз, енді үстінен тағы да 120 мың теңгені төлейсіз дейді. Содан қолымды бір-ақ сілтедім де, несиені төлемей қойдым. Бастапқыда банк менеджерлері, одан кейін коллекторлар звондап мазамды алатын. Туыс-туғандарым да менің несиемнен хабардар болды. Сонда да бірнеше жыл өтпей жүріп алдым. Қанша шағым жазсам да, сот орындаушылары банк талаптары дұрыс деп 120 мың теңгені үстіне қосып төлеуімді сұрады. Төлемеске амалым қалмады. Себебі сот орындаушылары төлем карталарымды бұғаттап тастады. Ақыры екі ноутбуктың ақшасын өтедім. Одан бөлек, сот орындаушысының шығынын төледім. Содан бері екінші деңгейлі банктерге жоламайтын болдым. Одан гөрі ақша жинап алған дұрыс екен. Тан қалғанын, мен несие алған банк швейцариялық банк екен. Сондықтан оның талаптарын өзгерте алмайды екенбіз», — дейді.

Байқасақ, жұрттың көбі банктен несие аларда келісімшартты мұқият оқымайды. Бұл туралы заңгер Руфат Маратұлы былай дейді:



Психолог Тамара ӘЛІБАЕВА



Экономист Аида ЖАРҚЫНБЕКОВА



Заңгер Руфат МАРАТҰЛЫ



Коллектор Сәбира БАЙҒАЙЫПҚЫЗЫ

шығарады. Бүгінгі күні сотта қарыз алушылардың тарапынан түскен арызға сай, көрсетілетін қызмет үшін алынатын комиссияның заңсыз екендігі анықталып отыр. Заңсыз қосылған үстемені 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін несие алған банк тұтынушылары ғана қайтара алады. Кейін Ұлттық банк комиссияны «Қарызға қызмет көрсетуге байланысты ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу үшін» алынатын үстеме деп заңдастырған болатын. Дегенмен несиені толық төлеп біткен жандарға зая кеткен ақшаны банк қайтарып беруге міндетті. Ескеретін жайт, соңғы төлемнен кейін 3 жыл уақыт өтпеуі және қолыңыздағы несие туралы келісімшарт сақталуы тиіс».

Расында, маманның айтқанындай, несие талаптарына жіті назар аудармаймыз. Осыдан келіп әуре-

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Олжабек БАЙҚУАТОВ

Әңгіме

Бала кезден есте қалған қорқыныштың бірі, неге екенін білмеймін, аса мейірімді Күміс апамен байланысты. Ауылымызда сондай кемпір болған. Өлендетіп сөйлегенде, аузын ашылып қалады. Өзгеше бір ырғақпен төпелетеді кеп. Кез келген тақырыпқа. Дүкенге бара жатып та жол бойы ұйқастырып өлен шығарады. Фельдшер система қойғанда былай деп төгіп-төгіп жіберіпті:

— Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса... Мен алып жатырмын капельнисса. Әжей қызық болатын. Оны бәрі жақсы көрді.

Бұйығы ғана, қарапайым тірлік кешті. Жападан-жалғыз. Үш ұлы мен күйеуі соғыста өлген...

Бүкіл мал-мүлкі: мүйізі сынық көтерем ешкі, үш тауық, бір қораз.

Болды.

Ә, сосын иті.

Ит демекші, соның ит боп үргенін естімеппін. Ауылдағы басқа иттер сияқты емес. Мейірімді. Тіпті ит деуге аузың бармайды. Бәріне еркелейтін. «Ит иесіне тартады» деп бекер айтпайды ғой. Күміс апаның жанынан бір елі қалмайды. Оны ешқашан байлаған емес. Сабалақ жүнді, аксак. Қақ мандайында — ақ таңдақ.

Әдетте Күміс апа бақшасында тырбанып жатады. Не ауланың ішінде күйбендеп жүреді.

Нан пісіреді. Наны қандай! Пияз қосылған. Сол нанның дәмі тандайымнан кетпейді.

Әлі көз алдымда.

Күміс апа алдымен бәрін дайындап алады. Қол астында тұрсын деп. Алжапқышын байлап, басына орамалын тағады. Жез тегешке үн салып, үстіне жұмыртқа жарады. Шөмішпен су құяды. Бәрін араластырады. Лыпылдатып нан илейді.

Мен оның ширақ қимылына арбалғандай, тамыры білеуленген қолдарынан көз алмаймын. Бір кезде нан жая бастайды. Күміс білезіктері сыңғыр-сыңғыр етіп.

Пияз тұрайды. Неге көзінен жас шықпайды деп таң қаламын. Анамның көзі ылғи жасаурап кететін. Менің де. Бәрінің. Ал Күміс апа былқ етпейді. Ойға шомып, бүкіл дүниені ұмытатындай.

Сосын ол жалпақ табаның түбіне май жағады. Оған таба нанды салады. Саусағымен басып-басып, күндей дөңгелетеді. Қақпақпен жабады.

Аулада от жағады. Ағаш әбден жанып бітті-ау дегенде ауыр ыдысты қак ортасына қояды. Оттын ыстық табына. Кішкентай қысқышпен шоқ алып, табаның жан-жағына тастайды.

Бітті. Енді тек күту керек.

Көп ұзамай аулада ыстық нанның иісі бүркырай бастайды.

Кейде ол жеті күлше пісіреді. Кішкентай етіп. Далаға шығып, оны балаларға таратады. Біздің төбеміз көкке жетеді. Оның жеті нан екенін білмейміз. Балаға бәрібір ғой. Әйтеуір, күйсеп алсақ болды. Ал сол нан қандай дәмді еді...

Көршінің қақысымен бір кесе айран ішуге немесе құрт алуға кейде үйіне кіремін. Құрт қораның төбесінде жаюлы тұрады.

Осылай өмір сүріп жаттым.

Бірде ол мені қатты қорқытты. Күміс апа. Шынымды айтсам, өзім қорықтым...

Мамыр айы болатын. Ұмытпасам, тоғызыншы мамыр. Мейрам. Женіс күні.

Клубтың жанындағы репродуктордан музыка ұрып тұр. Ара-тұра жергілікті аккордеоншы Қалижан аға марш ойнайды. Оң қолының шынашағын соғыста жұлып әкеткен. Бірақ онысы түк те кедергі келтірмейді. Дарылдатып ойнайды кеп.

Қызыл ту желмен желбірейді. Жұрт көңіл көтеріп, қидырып жүр. Топ ішінде ардагерлер. Сәнді киінген. Үтіктен жана шыққан кәстөмдерінің кеудесі толған орден-медаль.

Сол күні оқушылар өнер көрсетті. Клубта ән айтып, тақпақ оқыды. Лимонад пен бәліш сататын буфетін әне. Шат-шадыман күлкі. Мерекелік көңіл-күй.

Күн тас төбеде. Ыстық болған соң ба, тандайым кеуіп, қатты шөлдедім. Колонкаға дейін алыс, лимонадка ақша жоқ. Әдетімше, Күміс апаға кіре салайыншы деп ойладым. Айран ішуге.

Ауласына кіріп, есікті сәл аштым да... сәмпылдаған дауысын естідім. Біреумен сөйлесіп жатыр екен. Қонақтар шығар деп, аяғымның ұшымен дәлізден өттім. Сығалап есіктен қарадым.

Ал онда...

Қонақ бөлменің ортасында үстел. Әппақ дастархан жайылған. Бауырсақ пен шелпекті шашып тастаған. Кәмпит пен прәндік. Басқа да тәттілер.

Бірнеше кесеге шәй құйылған. Буы шығып тұр. Қаймақ қатқан қою күрең шәй. Қариялар тек осындай шәй ішеді.

Самаурынның жанында Күміс апа. Жүзі бал-бұл жайнайды.

Төбе шашым тік тұрды.

Өйткені...

Өйткені ол жалғыз еді. Үстел басында ешкім жоқ. Ал Күміс апа отыр... әңгіме айтып. Ұлдарының атын атап сөйлейді! Арасында мәз болып күледі. Сықылықтап! Ішек-сілесі қатып!

Өткенде біреудің бақшасына кіріп кетіп, қырыққабатын жеп қойған ешкісі туралы айтады. Көршілердің сол үшін ұрсысканын. Өлгі ешкінін сүтін кіренкеге құйып көршілерге апарып бергенін.

Балалардың ол туралы ойдан-қырдан құрастырып әңгіме айтқаны ұнамайтын.

— Е, жыңды ғой ол! — дейтін Нұркен, арамыздағы ересек. — Шын айтам, жыңды.

— Сен қайдан білесің? — деймін өзеуреп.

— Оны бәрі біледі, — деп мырс етті Нұркен. — Бірақ айтпайды.

Мұндай кезде төбелескім келеді. Себебі Күміс апаны қорғауға сөзім жетпейді. Бірақ Нұркен менен күшті. Бір жағынан ешкімге зияны да жоқ. Саран емес.

Бірде Күміс апа ауырды. Туған-туыстан ешкім қалмаған. Көршілері қарады. Кезектесіп. Бір күні тіпті нашарлап кетті. Көзі онша көрмей, орнынан тұра алмай. Сол кезде Күміс апа ұлын шақырды. Кенжесін. Жәнібекті...



Қара кемпір

Денесі шағын болса да күпәйкеге әрең сыйды. Күміс апаның қасына барып отырды. Жұдырығын аузына апарып, бір жөтелді. Күміс апа селк етті:

— Бұл кім, әй?

Денесін сәл көтеріп, жан-жағын қармады. Ербиген сұлбаға қолын созды. Жәнінен тас қып ұстап алды. Қысып жібермей:

— Жәнібек, — деді толқып. — Жәнібек, балам-ау, қайда жүрсін?... Содан кейін ұза-а-ақ сөйлесті. «Жәнібекпен». Әлденені айтып, әзілдеп қояды. Тура өткендегі самаурынның жанындағыдай.

Күміс апа сөйлегенде Әшім тапжылған жоқ.

Қозғалуға қорықты. Тек көзінен бір тамшы жас үзіліп түсті де, тікелей мұртынан сорғалап өтіп, еденге тамды.

Сәлден соң Күміс апа әлсіреді. Қолын босатты.

— Жарайды, — деді. Көңілі орнына түскендей. — Мен болдым. Сен маған қарама, бара бер.

Әшім орнынан тұрды. Ақырын басып аулаға шықты. Дірілдеген қолымен темекісін тұтатты.

... Күміс апаны бүкіл ауыл болып жерледі. Шал-шауқан «Қара кемпір жақсы кетті» десіп жатты. Күміс апаны бізде солай атайтын. Өз төсегінде өлді. Басқа жақта емес. Ел-жұртының ортасында. Содан шығар, күлімсіреген күйі дүниеден озды.

Оның «қара қағазы» ең соңында келген. Үлкендердің есі шықты. Сенделіп кетті. Енді қайтпқ! Ауылдың зоотехнигі Әшім бұрыштағы сандықты жәймен ашып, ішінен күпәйке алып шықты. Жуыла-жуыла өні кеткен. Бір кездері Жәнібек соны киіп мектепке барыпты.

Ермек ТҰРСЫНОВ, жазушы, кинорежиссер

«Бала бейне» дегенде ауылдың етегінде асыр салып ойнап бара жатқан қара домалақ бала бірден көзіме келді. Ол еш қайталанбайтын, жадымызда ыстық елес болып сақталатын ғажайып кез ғой. Менің туып-өскен жерім Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты тау бөктеріндегі кішкентай ғана Қаратоғай ауылы. Ата-анамыздан алты баламыз. Үш ұл, үш қыз. Үш қыздан кейінгі төртінші баламын. 1974 жылы қараша айының 18-жұлдызында дүниеге келдім. Мектеп бітіргеннен кейін әскерге бардым. Әскерден келгеннен кейін

Аязды күні аяғым тонса керек, аяғыма кимекші болып, жазғы тамнан пиманы алып шықтым. Өзімнен кейінгі егіз інілерім қарап тұр. Мен бір аяғыма қара пиманы кидім, дұрыстау, тура сияқты. Екінші пиманы кигенде аяғым бір нәрсеге тірелгендей болды. Бір уақытта әлгі нәрсе аяғымды жыбырлатып, тістей бастады.



деп туыстарым үйге кері әкеліп тастапты. Мектептегі кездің де өз қызықтары бар. Бұрын біз оқып жүргенде сабақ біткеннен кейін екі оқушы кезекші болып, еден жуатынбыз. Шелектегі кір суды төгу үшін сыртқа шығып, біраз жүруін керек. Біз сыныптасым екеуміз суды төгуге ерініп, кабинеттегі шкафтың ішіне қалдыра салдық. Әлгі кір су біраз күннен кейін иісі шыға бастайды. Кабинеттің ішін жағымсыз иіс алып кетті. Сондай «қызықтар» болған. Оқып жүргенде домбыра, гитара аспаптарында ойнап, мерекелік кештерде ән айтып жүрдім. Сахнаға шығып ән айтқаннан кейінгі көрерменнің қошеметі өнерді

тандауыма түрткі болды. Бала кезімде өнер адамы болсам ғой деп армандайтынмын. Жоғары оқу орнына түсіретін ата-анамның жағдайы болмады. Қатарластарым Семейге, Алматыға оқуға кетіп жатқанда, мен ата-анам қарайласамын деп ауылда қалдым. Малшының көмекшісі әрі бақташысы болып жұмысқа орналастым. Аттың үстінде мал бағып, арасында табиғаттың аясында ән шырқап жүретінмін. Тау бөктерінде отырып алып, алыста кетіп бара жатып сағымға айналып кететін көліктің көріп қатты қызығатынмын. «Ана көліктің ішіндегі адам қандай бақытты, қалаға бара жатыр. Қала қандай екен» деп тамсанып отыратынмын. Әлгі машина көзден ғайып болғанша қарап тұрушы едім. Сөйтіп жүргенде әскерге алып кетті. Бір жарым жыл әскери борышымды өтеп, ауылға қайта оралдым. Зайсанның балықшыларына көмекші болып балық ауладым. Аулаған балықты азық-түлікке айырбастаймыз. Үйге бір қап ұн тауып келсем де, ата-анам қолғабыс етіп жатырмын ғой деп қатты қуанатынмын. Ата-анам үнемі маған «Үш әпкен жатжұрттық, ертең олар отау құрып кетеді. Басқаларына бас-көз болып қалатын сенсін» деп үнемі айтып отыратын. Сол сөз менің миымда сақталып қалды. Әлі күнге дейін бар жауапкершілікті мойныма алып, бәріне қолғабыс тигізіп, көмектескім келіп тұрады.

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бақытжан ҚАЮОВ, Мәдениет саласының үздігі Мемлекеттік Қуыршақ театрының актері:

Пиманы кисем, ішінде жыбырлап бірдеңе жүр



1996 жылы Алматы қаласындағы Өнер академиясына оқуға түстім. 2000 жылы оқу бітіргеннен кейін Мемлекеттік қуыршақ театрына орналастым. Арада біраз жыл үзіліс жасап, басқа салада жұмыс істеп келгеннен кейін 2008 жылы Қуыршақ театрына қайта орналастым.

Балалық шаққа саяхат деген тақырыбыңыз керемет екен. «Шалдың да әкесі, кемпірдің де шешесі бар» демекші, барлығымыз да жас болдық. Балалық шағым қызыққа толы сәттерімен есімде қалыпты. Бала кездегі қызықты сәттер дегенде, бір оқиға есіме түсіп отыр. Шығыс өңірінің қыс мезгілі қалай болатынын білесіздер. Қары қалың, аязы қатты. Әр үйдің есігінің алдында жазғы үй болады. Сондай бір үй біздің де аулада болды. Ол үйде қысқы киім-кешек жиналып тұрады.



Бас миы

МЫСАЛ: Ұйқысыздық пен ұйқысы қанбайтындардың бас миының жұмысы нашарлап, ашуланшақ болады.

Орыс тілінде «*головной мозг*», «*спиной мозг*», «*костный мозг*» деген ұғымдар бар. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «*бас миы*» — «*головной мозг*» терминін қазақшаға калькалап аудару нәтижесінде пайда болған жасанды тіркес. Қазақ ұғымында ми тек баста болады. Қалғандарын «жұлын», «сүйек май» (жiлiк май, кемiк, сүйек кемiгi) деп атайды. Қате қолданыс осыны білмеуден туындаған. Қажетсіз, жасанды жана сөз жасалған.

ДҰРЫСЫ: «*ми*» деп қолдану керек.

Бас

МЫСАЛ: Қазір күдіктілердің 5 бас жылқы, 4 бас ірі қара ұрлағаны анықталып отыр.

Бұл сөйлемде орыс тіліндегі «*голов*» сөзі «*бас*» деп тікелей аударылған. Сөйлемдегі *бас* сөзі артық. Өйткені қазақ 5 жылқы (5 *бас жылқы емес*), 4 сиыр (4 *бас ірі қара емес*) деп сөйлейді.

ДҰРЫСЫ: Қазір күдіктілердің 5 жылқы, 4 ірі қара ұрлағаны анықталып отыр.



Бастау алу

МЫСАЛ: Стрит-арт граффити тарихы 1920 жылдан бастау алады.

Орыс тіліндегі «*берёт начало*» деген тіркесті калькалап аудару салдарынан қазақша сөз саптауға нұқсан келіп тұр.

ДҰРЫСЫ: Стрит-арт граффити тарихы 1920 жылдан басталады.

Басты жұлде

МЫСАЛ: Басты жұлде үшін таласқа түсті.

Зат есім зат есімнің алдынан келгенде анықтауыш қызметін атқарады. Сондықтан *-ты* қосымшасын жалғаудың қажеті жоқ.

ДҰРЫСЫ: Бас жұлде үшін таласқа түсті.

Басыбайлы

МЫСАЛ: Жиналғандар «көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан пәтер басыбайлы берілсін» дейді.

Басыбайлы сөзі ең алдымен: «жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді» деген мағынаны білдіреді. Сөздің негізгі мағынасы — осы. Автор басыбайлы сөзін ауыспалы мағынада өте сәтсіз қолданған. Бұл сөйлемде *біржол*а (*біржолата*) сөзі немесе *басы бүтін* тіркесі қолданылса, орынды болар еді.

ДҰРЫСЫ: Жиналғандар «көпбалалы аналарға мемлекет тарапынан пәтер біржолата берілсін» дейді.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар сөздігінен

Мәжіліс депутаты, тележурналист Артур Платоновқа

әкесі Станиславтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы



5 | МАУСЫМ
ИЮНЯ
JUNE 2022

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІКТЕРІ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУ ТУРАЛЫ

Азамат өзінің болу орнын ауыстырған кезде 2022 жылғы 20 мамырдан бастап 4 маусым жергілікті уақыт бойынша сағат 18-ге дейінгі кезеңде азамат өз референдум учаскесінде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін алуға құқылы.

Бұл ретте референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне тиісті белгі қойылады.

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

О ГОЛОСОВАНИИ ПО ОТКРЕПИТЕЛЬНЫМ УДОСТОВЕРЕНИЯМ

При перемене гражданином места своего пребывания в период с 20 мая 2022 года и до 18 часов местного времени 4 июня 2022 года, гражданин вправе получить на своем участке референдума открепительное удостоверение на право голосования.

При этом в списке граждан, имеющих право участвовать в референдуме, делается соответствующая отметка.

Открепительное удостоверение не выдается гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населенного пункта.

ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1078;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараған», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.